

Г.А. Бейсембаева, М.А. Кененбаева, Б.М. Жапарова

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан
(E-mail: m-kenenbaeva@mail.ru)

Білім сапасын бақылау мониторингі тиімділігі

Аңдатпа. Ұсынып отырған мақалада сабақты зерттей отырып, оқушының білім деңгейінің мониторингін құру арқылы білім сапасын көтеру болды. Оқушының күнделікті үй тапсырмасын орындауы және сыныптағы сабаққа қатысу іс-әрекеті арқылы бағалау бойынша білімін бағалау ол өткен күннің енісінде. Осыған орай сапалы білім беріп, білім деңгейін әлемдік білім кеңістігі дәрежесіне жеткізу негізгі мақсатымыз болып отыр. Жаңартылған білім беру жүйесінде пән бойынша білім беру мазмұны да, оқытудың әдіс-тәсілдері де, оқушының білім бағалау да жаңаша көрініс тапты. Жаңартылған бағдарлама бойынша оқыту белсенді оқыту, бірлескен жұмыс және саралап оқытуды негізге алып отыр. Осындай оқыту түрлерін ұйымдастыра отырып оқушының пәнге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыруымыз қажет. Сапалы білім болған жерде оқушының пәнге деген белсенділігі арта түседі. Сапалы білім іргетасы бастауышта берік қаланған жағдайда ғана нәтижеге бағытталған білім беруге мүмкіндігі ерекше. Қазір әр оқушының педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, уәж тудыру арқылы оқушы белсенділігін арттыру қажет. Біз зерттеу арқылы әр оқушының білім жетістігі мониторингін құру арқылы оқушы білім сапасын көтеру қажеттілігін байқадық. Бұл мониторингке қарап отырып оқушы да, ата-ана да қай жерде білім қажеттілігі туындап отырғанын бақылай алады. Экспериментіміз үш кезеңнен тұрды. Алдымен әр оқушының білім деңгейін анықтап алдық. Онда қай тақырыптар бойынша әр оқушыда қандай олқылықтар бар екендігін анықтап алдық. Осы жолы мониторингтің алғашқы сызбасы пайда болды. Сонан соң келесі қалыптастыру кезеңінде әр оқушы қажеттілігіне қарай жұмыстар жүргізілді. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде екінші мониторинг сызбасы шықты. Бұл сызбаларды салыстыра аотырып оқушының өзінде графикті жоғарылату қызығушылығы туды. Жалпы білім сапасын бақылау мониторингі оқушы білім сапасын көтеру үшін тиімділігіне көз жеткіздік. Білім сапасын бақылауда тұрақты, сапалы жүргізілген мониторинг тиімділігін әдістемелік жағынан зерттеу нәтижесін ұсынып отырмыз.

Түйін сөздер: бақылау, бағалау, мониторинг, білім сапасы, тиімділік, зерттеу.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-144-3-76-83>

Кіріспе

Елімізде білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасының мақсаты «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» болып отыр[1].

Қарқынды дамыған қоғамның келешегі білімді жас ұрпақтар қолында. Қазіргі жастарымыз ел тізгініне ие болатын білімді, тәрбиелі, ізденімпаз, алғыр, талапты, белсенді, ақылды, шығармашыл жас ұрпақты даярлау бүгінгі күннің басты мақсаты. Бір сөзбен айтқанда әлемдік білім кеңістігі деңгейіне сай құзыртетті ұрпақ даярлау міндетіміз. Білім беру сатысы қазір мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудан басталуы да тектен тек емес.

Баланы ерте жастан бастап өмір сүру ағынына даярлау сапалы білім мен тәрбиеге тікелей байланысты.

Жаңартылған бағдарламаға көшу себебі де осыған байланысты болар. Жаңартылған бағдарлама бойынша оқыту белсенді оқыту, бірлескен жұмыс және саралап оқытуды негізге алып отыр. Осындай оқыту түрлерін ұйымдастыра отырып оқушының пәнге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыруымыз қажет. Сапалы білім болған жерде оқушының пәнге деген белсенділігі арта түседі. Оқушы білім сапасын мониторингін жасау оқушыға мотивация туғызады. Пән бойынша сауатты, үздік жасалған мониторингі бақылай отырып, оқушы өз деңгейін одан әрі қарай көтеруге тырысады.

Ғылым зерттеулерге жүгінсек **мониторинг** дегеніміз не латын тілінен аударғанда (напоминающий, еске түсіруші, қадағалаушы) қоршаған ортаны адам қызметімен байланысты бақылау, бағалау, болжамдау деген мағынаны білдіреді. Ал жалпы мониторинг дегеніміз

- Белгілі бір саладағы маңызды мәселелер бойынша жүйелі және үздіксіз ақпарат жинақтау әрекеті.

- Белгілі бір жүйе, оның элементтері жайлы сараптама жасауға мүмкіндік беретін мәліметтерді жинау, өңдеу, сақтау және тарату жүйесі.

- Нақтылау және түзету енгізу үшін жүзеге асырылатын процесс жағдайы, дамуы туралы ғылыми негізде үздіксіз қадағалау жүйесі.

Мониторинг – пән мазмұнына, ғылыми мамандығына байланыссыз ойлау қызметінің әмбебап (универсальды) типі.

Мониторингтің атқаратын қызметі

1. Әрекет барысына түзетулер енгізу.

2. Елеулі проблемаларды, олардың себептерін анықтау, оларды шешуге ықпал ету.

3. Аралық міндеттерін орындалу сапасын анықтау, түпкілікті нәтижені болжау.

4. Сауатты түрде басқарушылық шешімдер қабылдау [2].

Біз алдағы уақытта педагогикалық мониторингке тоқталмақпыз.

Мониторинг жалпы педагогикалық ғылыми түсініктерге сәйкес кері байланыс, рефлексия деген ұғымды білдіреді. Педагогикалық мониторинг – қандай да бір объективтегі, құбылыстағы өзгерістерді ұзақ уақыт бақылау. Ең кең тараған анықтама: педагогикалық жүйе қызметінің даму мақсатындағы ақпараттарды жинақтау, сақтау, өңдеу, тарату.

Т.А.Стефановскаяның анықтамасы бойынша “Педагогикалық мониторинг, бұл – диагностика, баға және педагогикалық үрдісті жобалау, оның жүріс барысын, даму перспективаларын қадағалау” [3].

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 5 мамырдағы бұйрығына білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидаларын енгізді. Бұл қағидалар жоғары деңгейде өгілетін мониторингке қатысты болғанымен, осы тәртіпті басшылыққа ала отырып, әр сабақ бойынша білім сапасын мониторингін үргізуге болады деп ойлаймыз.

Мәселе қою

Оқушының білім сапасы деңгейін зерттеу үшін мұғалім неге бақылау мониторингін жүргізбеске. Біз жоғарыда мониторинг еске түсіруші, қадағалаушы деген мағынаны білдіреді деп айттық. Ендеше мониторинг арқылы мұғалім оқушы білімінің олқылықтарын байқайды. Бізде қазір мұғалімдер білім сапасын зерттемейді, жалпылау арқылы бағалайды. Яғни оқушының күнделікті сабаққа дайындығы, сабақтағы іс-әрекеті, үй жұмысы тапсырмаларын орындады деп бағалайды. Бірақ осы бағалау журналдағы балдан басқа ешқандай белгіленбейді. Оқушының білім сапасы бойынша жүйелі және үздіксіз ақпарат жинақтау әрекетінің орындалмауы бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр. Біз мониторинг арқылы оқушының білімге деген құштарлығын да нығайта аламыз. Себебі әр оқушыға білім сапасы бойынша мониторингін ұсынсақ оқушы да, ата-ана үшін де біліміндегі жеткіліксіз жақтарын жоюға ұмтылыс болар еді.

Зерттеу мақсаты оқушының білім сапасы дәрежесін зерттей отырып, мониторинг тиімділігін тексеру

Зерттеу нысаны – бастауыш мектеп математикасынан оқушылардың білім сапасы мониторингін жүргізу үрдісі

Зерттеу болжамы егер бастауыш мектеп математикасын оқыту барысында, оқушылардың білім сапасы мониторингін жүргізсек, онда оқушылардың оқуға деген қызығушылығы артып, білім дәрежесі көтерілер еді, өйткені мониторинг арқылы оқушы біліміндегі олқылықтар анықтала отырып, оны жою арқылы оқуға деген мотивация туғыздық.

Зерттеу міндеттері

- білім сапасын бақылау мониторингін жүргізудің әдіс-тәсілдерін зерттеу;
- бастауыш сынып оқушыларының білім сапасы мониторингін жүргізу;
- сапалы жүргізілген мониторинг арқылы оқушылардың білім сапасын көтеруге жол ашу;
- жүргізілген мониторинг нәтижесін талдау.

Зерттеу тарихы

Білім сапасын бақылау мониторингін жүргізуді көптеген ғалымдар зерттеген. Оқу сапасы мониторингін құруды Попова Г.П.[2], Разменова Г.А.[3], Стефановская Т.А.[3], білім сапасын басқару құралы іспетті деп ұсынған Петров Н.В.[2], Казаков И.С., оқушылардың оқу жетістігі динамикасын Байоразова А., білім сапасын деңгейлік тапсырмалар арқылы көтеру Караев Ж., Кобдикова Ж.[6], т.б.ғалымдар зерттеген.

Зерттеу әдістері

Жоғарыда аталған ғалымдар зерттеулерін басшылыққа ала отырып, педагогикалық мониторингті практикада зерттеп, көз жеткізуге тырыстық. Ол үшін алдымен зерттеу үшін сынып және пәнді таңдап алдық. Біздің зерттеуіміз 3 сынып оқушыларының математика пәні бойынша білім сапасын көтеру болды. Зерттеу Павлодар қаласының Б.Момышұлы атындағы №22 мектептің 3«б» сыныбында өтті. Осы сыныптың математика сабағындағы әр оқушының білім сапасы мониторингін жасауды мақсатқа алдық. Оқушының білім сапасын анықтаймыз. Бұл мониторингте оқушының күнделікті сабаққа қатысуы, яғни қалыптастырушы бағалау, өздік жұмысы, бөлімдер бойынша білім дәрежесі, тоқсандық бағасы бойынша білім дәрежесі және әр тақырып бойынша математикалық сауаттылығы ескерілді.

Алдымен анықтау эксперименті кезінде қалыптастырушы бағалау арқылы оқушы білім деңгейін анықтап алдық. Сонан кейін қалыптастырушы бағалау бойынша бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар қалыптастырушы бағалауды өткізуге, сабақты жоспарлауға, ұқсас тапсырмаларды құрастыруға және іріктеп алуға, оқу мақсатына жетуге қатысты кері байланыс бойынша оқушы қажеттілігін ескеріле отырып жүргізілді. Басты мақсатымыз оқушы қажеттілігі арқылы жұмыс істей отырып, білім деңгейлерін көтеру. Қалыптастырушы бағалау арқылы оқушының білім деңгейінің мониторингін құрылды. Мұнда оқушының математикалық сауаттылығы да ескерілді. Зерттеу барысында ұзақ мерзімді жоспар, оқулық, қосымша тапсырмалар жинағы және [4] қолданылды. Біз бұл мониторингті мақалада ұсынған жоқпыз.

Қалыптастырушы бағалау мониторингін көтерілген кезде бөлім бойынша жалпы білімдер деңгейі анықталды. Сонан кейін қалыптастырушы эксперимент жүргізілді.

3«б» сынып математика **1-тоқсан** бөлімі: **1А 1000 көлеміндегі сандар. Қосу және азайту**. Бөлімше: 1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер.

Оқу мақсаты 3.1.1.3 Үш таңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау, разрядтық қосылғыштар сомасына жіктеу

Бағалау критерийі

- Үш таңбалы сандардың разрядтық құрамын анықтайды
 - Разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтайды
 - Үш таңбалы санды разрядтық қосылғыштардың қосындысына жіктейді
- Оқушының **ойлау дағдыларының деңгейі** білу және түсіну, қолдану.

1-тапсырма Ұсынылған кесте бойынша әр қатардағы санды құрастырып жаз. М-3. 1 бөлім. №2 кестеге ұқсас тапсырма ұсынылады[5].

- Әр санда неше жүздік, неше ондық, неше бірлік бар?
- Әр санның құрамындағы ондықтардың жалпы санын ата.

Дескриптор үш таңбалы сандарды меңгеру барысында оқушы:

- үш таңбалы сандарды жазады;
- сандардың разрядтарын атайды;
- санның құрамындағы ондықтардың жалпы санын анықтайды.

2-тапсырма 185, 205, 700 сандарын разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жазып көрсет. Дескриптор Білім алушы — үш таңбалы сандарды жазады; — үш таңбалы сандарды разрядтық қосылғыштардың қосындысына жіктейді.

5.2 Математикалық тіл

3.5.2.4** қосу мен азайту, көбейту және бөлу амалдары компоненттерінің атауларын жақшалы өрнектерді оқу мен жазуда қолдану

Бағалау критерийі

- Арифметикалық амалдардың компоненттерін атайды
- Компоненттері бойынша жақшалы өрнектер жазады және оқиды
- Жақшалы өрнектерде амалдардың орындалу алгоритмін қолданады

Оқушының **ойлау дағдыларының деңгейі** білу және түсіну, қолдану *Тапсырма*

1) Әр өрнектің компоненттерін ата. Мысалы: $351+417$; $875 - 172$;
45:9.


2) Өрнектегі амалдардың орындалу ретін анықтап, олардың мәнін тап.

- Алған білім деңгейін анықтау мақсатында өздік жұмысы орындалады.

Өздік жұмысын бағалауда жоғарыда көрсетілген тапсырмаларға қойылған критерийлер ескеріледі.

Төменде біз күнделікті қалыптастырушы бағалау бойынша бір оқушының білім сапасы мониторингін ұсындық. Мониторинг ұсынылған дескриптор бойынша бағалау критерийі негізінде құрылған.

Бұл мониторингті кескіндеуді ох – осіне өтілген тақырыптар T1; T2; T3;..., ал оу – осінде 2021-2022 оқу жылына қалыптастырушы бағалауға арналған нұсқаулық хат негізінде қойылған балл.



Сурет 1. Бір оқушының үш таңбалы сандарды меңгеру білім сапасы мониторингі

«8», «9», «10» – бағалаудың жоғары деңгейі; «4», «5», «6», «7» – орта деңгей; «1», «2», «3» - төменгі деңгей. Сонда біздің мониторингіміз бойынша осы оқушы жоғары деңгейге жету үшін белгілі бір критерийлер бойынша білімін жетілдіру қажет екендігін байқаймыз. Осы қалыптастырушы бағалаудан соң, жиынтық бағалау өткізіледі. Тоқсандық жиынтық бағалау жұмысы өткізілді.

Спиральді оқыту әдісі бойынша 2-тоқсанда «Үлес» бөлімін оқытуды жалғастырады. Бұл бөлімде де қалыптастырушы бағалау тапсырмалары мен жиынтық бағалау тапсырмалары ұсынылады. Бұл жолы оқушы білімі Блум таксономиясы арқылы өз жетістігін тексеруге бағытталды.

Бағалау критерийі

БЛУ үлес пен бөлшектің не екендігін біледі, бөлшекті оқып, жаза алады.

тапсырма Суретке қара. Жолақтың қандай бөлігі боялған? Боялған бөлігін өрнектейтін бөлшекті жаз.

ТҮСІНУ бөлшек бүтіннің бір немесе бірнеше бөлігі екендігін түсінеді.

тапсырма Дөңгелектер тең төрт, алты, тоғыз бөліктерге бөлінген. Берілген бөлшек санға сәйкес бөліктерін боя.

ҚОЛДАНУ санның бөлігін және бөлігі бойынша санды таба алады.

тапсырма есепте: 80-нің оннан бір бөлігін; 5 – бұл □ санның үштен бір бөлігі

ТАЛДАУ шамалар мен санның үлесін табуға берілген есептерді талдап, шығара алады.

тапсырма Есептің шартын оқы. Ұсынылған сызбалардың ішінен есеп шартына сәйкес келетінін таңдап ал. Есепті шығар. Ұзындығы 9 см болатын кесіндінің 1/3 бөлігі қиып алынған. Неше сантиметр кесінді қиып алынды?

ЖИНАҚТАУ үлеске берілген есептерге талдау жасап, шығара алады.

тапсырма Есеп құрастырып, оны шығар. Жаңа жылдық 2 костюм тігу үшін 18м матаның 1/3 бөлігі қиып алынды.

БАҒАЛАУ шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептер шешуінің дұрыстығын тексере алады.

тапсырма Шамалар арасындағы тәуелділік кесте арқылы берілген. Бос ұяшықты толтыр.

Бұл бөлім 13 тақырыпшадан тұрады. Әр тақырыпша бойынша ұсынылған тапсырмаға 1 балл қойылады.

Осы зерттеуіміз 1-тоқсандағы үш бөлім бойынша да қадағаланды.

Нәтиже және талқылау

1А. 1000 көлеміндегі сандар. Қосу және азайту

1В. Көбейту және бөлу. Модельдеу.

1С. Кестелік көбейту және бөлу.

Осы үш бөлім бойынша тоқсандық бағалау жұмысы бойынша 1 тоқсанның соңғы мониторингі жасалды.

Жалпы сыныптың ҚБ+БББ+ТБ бойынша білім дәрежесі төмендегідей болды.

Кесте 1. 3 сыныптың 1-тоқсандағы жиынтық бағалау нәтижесі

Алған бағалары	85% -тен жоғары	84-65%	64-50%
3«б» сынып	12	10	4
Оқушы саны-26			
Білім дәрежесі процентке шаққанда	46,2	38,4	15,4

Бұл кестені талдай келе сынып оқушыларының 46% жоғары деңгейді көрсеткенін, ал 15% білім сапасы төмен деңгейді көрсеткенін айқындадық. Оқушылардың білім сапасын

көрсеті үшін диагностика жасалды, яғни қай оқушы қай жерден оқылық жібергенін анықтадық. Бұл жерде оқылықты анықтау үшін әр оқушыға жеке мониторинг жасалды.

Дескриптор бойынша:

- Үш таңбалы сандарды разрядтық қосылғыштардың қосындысына жіктейді – 0.
- Жақшалы өрнектерде амалдардың орындалу алгоритмін қолдануда – 5 оқушы.
- 2-3 амалдан тұратын шамалар арасындағы байланысқа берілген есептерді талдап шығаруда – 7 оқушы.

- Шамалар арасындағы байланысты орнататын формуланы теңдік ретінде қолдану – 6 оқушы.

- Көбейту кестесі бойынша –3 оқушы қате жібергені анықталды. ББ және ТБ бойынша жүргізілген мониторинг бойынша салыстыру жүргіздік. Бұл көрсеткіш алдыңғы бөлім бойынша өткізілген бағалауға қарағанда аз да болса оң нәтиже бергенін байқадық. Осы мониторинг бойынша әрі қарай зерттеу жалғаса береді. Сіздер осы тақырып бойынша білім сапасы мониторингін қалай жүргізер едіңіздер? Біздің зертеуіміз бойынша оқушы білім құр бағаланып қоймай, әр оқушының білім сапасы бойынша мониторинг қағазы білім сапасын дамытуға мотивация туғызады деп ойлаймыз.

Қорытынды

Пән бойынша білім сапасын анықтау мақсатында мониторинг жүргізудің нәтижесінде оқушы біліміндегі оқылықтарды анықтап, мәселелерді талдап, сараптап, оқушы қажеттілігіне қарай жұмыс жүргізе отырып, білім сапсын сапасын арттыруға болатындығына зерттеу арқылы көз жеткіздік. Бұл жұмыс жүйелі жүргізіліп, талдаудың арқасында оқушының сабақтағы белсенділігі артып, білім деңгейі көтерілді.

Оқушы өзінің мониторинг деңгейін көзбен көріп, қасындағы оқушы деңгейімен салыстыра отырып, алға жылжуға мүмкіншілік туғанын байқадық. Себебі әр оқушы өзінің мониторингі бойынша кемшіліктерін түсіне білді. Сапалы, түсінікті жасалған мониторинг оқушының оқуға деген уәжін тудыра отырып, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға болатынын зерттеу нәтижесі дәлелдеді.

Сонымен қатар дұрыс бағытта жүргізілген педагогикалық талдау мен жоспарлы жүйе оқушылардың жетістіктерге жетуіне ынталандырып, білім сапасының жоғарылауына себепкер болды. Болжамның ақиқат екендігі дәлелденді. Осы зерттеуіміздің нәтижесі білім сапасын бақылау мониторингі тиімділігін көрсетті.

Әдебиеттер тізімі

1. 2020 – 2025 жылдарға арналған білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. [Электронный ресурс]. – 2022. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/dosc/P1900000988> (дата обращения: 21.02.2023).
2. Петрова Н.В. Контроль качества образовательного процесса // Международный научный журнал. Молодой ученый. – Казань, 2020. – № 8 (298). – С.227-229.
3. Стефановская Т.А. Педагогический мониторинг// Международный научный журнал. «Общество, образование, язык». – Иркутск, 2014. – № 3. – С. 123-128.
4. Инфоурок математика 3 класс. [Электронный ресурс]. – 2022. – URL: <https://uroky.kz/b-matematika-3-synur-alyptastyrushy-ba-alau-a-arnal-an-tapsyrmalar-zhina-y/>(дата обращения: 21.02.2023).
5. Ақпаева Ә.Б. және т.б. Математика: 3-сынып оқулығы. – Алматы: Алматыкітап, 2018. – 109 б.
6. Караев Ж. Педагогическая технология. – Алматы, 1999. – 96 с.

Г.А. Бейсембаева, М.А. Кененбаева, Б.М. Жапарова
Павлодарский педагогический университет, Павлодар, Казахстан

Эффективность мониторинга контроля качества образования

Аннотация. Предлагаемая статья призвана повысить качество знаний путем изучения урока и создания мониторинга уровня знаний учащихся. Оценка знаний учащегося по оценке посредством выполнения им ежедневного домашнего задания и деятельности по посещаемости занятий в классе он или она в последний день. В этой связи основной целью является предоставление качественного образования и доведение уровня знаний до уровня мирового образовательного пространства. В обновленной системе образования по-новому отразились как содержание образования по предмету, так и методы и приемы обучения, оценка знаний учащегося. Обучение по обновленной программе основывается на активном обучении, совместной работе и дифференцированном обучении. Организуя такие виды обучения, мы должны повысить интерес, активность учащихся к предмету. Там, где есть качественное образование, повышается активность учащегося по предмету. Возможность давать знания, ориентированные на результат, уникальна только в том случае, если основа качественного образования прочно заложена в начале. Сейчас необходимо повышать активность учащихся, создавая мотивацию с учетом педагогико-психологических особенностей каждого учащегося. Посредством исследования мы заметили необходимость повышения качества знаний учащихся путем создания мониторинга образовательных достижений каждого учащегося. Глядя на этот мониторинг, и ученик, и родитель могут отслеживать, где возникает потребность в образовании. Наш эксперимент состоял из трех этапов. Сначала мы определили уровень знаний каждого ученика. Там мы выяснили, по каким темам у каждого учащегося есть какие-либо пробелы. На этот раз появилась первая схема мониторинга. Затем на следующем этапе формирования была проведена работа по мере необходимости каждого ученика. В результате проведенных работ вышла вторая схема мониторинга. Сравнивая эти рисунки, у самого ученика возник интерес к повышению графика. Мы убедились в эффективности мониторинга контроля качества общего образования для повышения качества образования учащихся. Мы предлагаем результаты методических исследований эффективности постоянного, качественно проведенного мониторинга качества образования.

Ключевые слова: контроль, оценка, мониторинг, качество образования, эффективность, исследование.

G.A. Beisembayeva, M.A. Kenenbayeva, B.M. Zaparova
Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan

Effectiveness of monitoring quality control of education

Abstract. The proposed article is intended to improve the quality of knowledge by studying the lesson and creating monitoring of the level of knowledge of students. Assessment of a student's knowledge by assessment through his or her daily homework and classroom attendance activities on the last day. In this regard, the main goal is to provide quality education and bring the level of knowledge to the level of the world educational space. The updated education system reflects in a new way both the content of education on the subject, as well as methods and techniques of teaching, assessment of student knowledge. Training under the updated program is based on active learning, collaboration and differentiated learning. By organizing such types of training, we must increase the interest and activity of students in the subject. Where there is a quality education, the student's activity in the subject increases. The opportunity to give result-oriented knowledge is unique only if the foundation of quality education is firmly laid at the beginning. Now it is necessary to increase the activity of students, creating motivation taking into account the pedagogical and psychological characteristics of each student. Through the research, we noticed the need to improve the quality of students' knowledge by creating monitoring of educational achievements of each student. Looking at this monitoring, both the student and the parent can track where the need for education arises. Our experiment consisted of three stages. First, we determined the level of knowledge of each student. There we found out which topics each student has which gaps. This time, the first monitoring scheme appeared. Then, at the next stage of formation, work was carried out as needed by each student. As

a result of the work carried out, the second monitoring scheme was released. Comparing these drawings, the student himself had an interest in improving the schedule. We have seen the effectiveness of monitoring the quality control of general education to improve the quality of students' education. We offer the results of methodological studies of the effectiveness of continuous, high-quality monitoring of the quality of education.

Keywords: control, evaluation, monitoring, education quality, efficiency, research.

References

1. 2020 – 2025 zhyldarga arналған bilim berudi zhane gylymды damytudyn memlekettik bagdarlamasy [State program for the development of education and science for 2020-2025]. Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000988> [in Kazakh]. (accessed 21.02.2022).
2. Petrova N.V. Kontrol kashestva obrazovatel'nogo prosessa. Mezhdunarodnyi naushnyi zhurnal. Molodoi ushenyi. [Petrova N.V. Quality control of the educational process. International scientific journal. Young scientist]. Kazan, 2020. No. 8 (298). P.227-229, [in Russian].
3. Stefanovskaya T.A. Pedagogicheski monitoring. Mezhdunarodnyi naushnyi zhurnal. "Obshestvo, obrazovanie, iazyk" [Pedagogical monitoring. International scientific journal "Society, education, language"], Irkutsk. 2014. No.3. P. 123-128, [in Russian].
4. Infourok matematika 3 synyp [Info lesson mathematics grade 3]. Available at: uroky.kz/b-matematika-3-synyp-alyptastyrushy-ba-alau-a-arnal-an-tapsyrmalar-zhina-y/ [in Kazakh]. (accessed 21.02.2022).
5. Акпаева А.В. Математика: 3 synyp okulygy. [Mathematics: for grade]. (Almsty, Almatykitap, 2018, 109 p.), [in Kazakh].
6. Karaev Zh. Pedagogicheskaya tehnologia. [Pedagogical technology]. (Almaty, 1999, 96 p.), [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Бейсембаева Г.А. – корреспондентия үшін автор, Павлодар педагогикалық университетінің педагогика жоғары мектебінің магистранты, Мир көшесі, 60, Павлодар, Қазақстан.

Кененбаева М.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Павлодар педагогикалық университетінің педагогика жоғары мектебінің профессоры, Мир көшесі, 60, Павлодар, Қазақстан.

Жапарова Б.М. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Павлодар педагогикалық университетінің педагогика жоғары мектебінің профессоры, Мир көшесі, 60, Павлодар, Қазақстан.

Бейсембаева Г.А. – автор для корреспонденции, магистрант высшей школы педагогики, Павлодарский педагогический университет, ул. Мира, 60, Павлодар, Казахстан.

Кененбаева М.А. – кандидат педагогических наук, профессор высшей школы педагогики, Павлодарский педагогический университет, ул. Мира, 60, Павлодар, Казахстан.

Жапарова Б.М. – кандидат педагогических наук, профессор высшей школы педагогики, Павлодарский педагогический университет, ул. Мира, 60, Павлодар, Казахстан.

Beisembayeva G.A. – corresponding author, Master's student, Higher School of Pedagogy, Pavlodar Pedagogical University, 60 Mir str., Pavlodar, Kazakhstan..

Kenenbayeva M.A. – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Higher School of Pedagogy, Pavlodar Pedagogical University, 60 Mir Str., Pavlodar, Kazakhstan.

Zhaporova B.M. – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Higher School of Pedagogy, Pavlodar Pedagogical University, 60 Mir Str., Pavlodar, Kazakhstan.